

Мәслихаттың 2014 жылғы 25 маусымдағы № 183 "Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне езгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандады № 114 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 60 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 25.09.2023 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сарықөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 25 маусымдағы № 183 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4947 болып тіркелген) мынадай езгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарықөл аудандық мәслихатының хатшысы

K. Базарбаева

Мәслихаттың

2022 жылғы 18 ақпандады

Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Тағыл ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастырының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыллатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тағыл ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Тағыл ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізуді Тағыл ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көшө шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тағыл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тағыл ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастық бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі.
· Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Тағыл ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2022 жылғы 18 акпандағы
№ 114 шешіміне
2-қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 25 маусымдағы
№ 183 шешіміне
қосымша

Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің Тағыл ауылының тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Тағыл ауылдық округінің Соналы ауылының тұрғындары үшін	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК